

«Балбөбек » бөбекжай» КМҚК
№1 әдістемелік кеңестің
ХАТТАМАСЫ

2024 ж. «02» қыркүйек

Қатысқандар: педагогтар

Тақырыбы: Жаңа оқу жылының тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг. ҚР МДҰ 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хатпен таныстыру.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда вариативтік бөлімді, педагогикалық жобаны жоспарлауға қойылатын талаптар мен мақсат міндеттері.

Тыңдалды: Әдіскер Каргатаева М.К. – «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандартта мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына және оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар айқындалған. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- Физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылатыны туралы айтты.

Тәрбиелеу-білім беру процесі бойынша ҰОБ бойынша перспективалық жоспар, циклограмма, құрусонымен қатар ҚР МДҰ 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқаулық хатпен таныстырып өтті.


Тыңдалды: Әдістемелік кеңес жетекшісі Сарина Үлгілік оқу жоспары стандарттың негізінде жасалған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін қамтамасыз ететін мемлекеттік нормативтік құжат. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда вариативтік бөлімді жоспарлауға қойылатын талаптар мен мақсат міндеттері де туралы айтып өтті. Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс,

эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес топтарда вариативтік жүктеменің жалпы апталық көлемі туралы түсіндірді.

Шешімі:

1. Стандартта мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына және оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды, Үлгілік оқу бағдарламаміндеттерін іске асыру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес топтарда вариативтік жүктеменің жалпы апталық көлеміне байланысты вариативтік компонент бағдарламасын, педагогикалық жобаны құрастыру.

Әдіскер:  Ермекбаева Г.Ж.
Хатшы:  Бодаубекова Ш.А